

"Мұражайдың сақтау қоймасындағы мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларына қол жеткізу ережесі туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат Министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 25 мамырдағы № 154 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 386 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 11 қаңтарда № 12840 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұйрық 01.01.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

«Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 6 тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының «Мұражайдың сақтау қоймасындағы мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларына қол жеткізу ережесі туралы» 2007 жылғы 25 мамырдағы № 154 бұйрығына (№ 4725-пен тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2007 жылғы 11 маусымда жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

Бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Музейдің сақтау қоймасындағы музей заттары мен музей коллекцияларына қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы»;

Бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Музейдің сақтау қоймасындағы музей заттары мен музей коллекцияларына қол жеткізу қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Музейдің сақтау қоймасындағы музей заттары мен музей коллекцияларына қол жеткізу қағидалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Мәдениет және өнер істері департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін электрондық тасымалдағышта елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып, Қазақстан Республикасы нормативті құқықтық актілерінің эталонды бақылау банкіне енгізу үшін елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық түрдегі оның көшірмелерін жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы тармақта көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді осы іс-шаралар орындалғаннан кейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрі *А. Мұхамедиұлы*

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрінің
2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 386
бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрінің
міндетін атқарушының
2007 жылғы 25 мамырындағы
№ 154 бұйрығымен бекітілген

«Музейдің сақтау қоймасындағы музей заттары мен музей коллекцияларына қол жеткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. «Музейдің сақтау қоймасындағы музей заттары мен музей коллекцияларына қол жеткізу Қағидалары (бұдан әрі – Қағида) музейдің сақтау қоймасындағы музей заттары мен музей коллекцияларына (бұдан әрі – музей заттары) қол жеткізу тәртібін белгілейді.

2. Музейдің сақтау қоймасындағы музей заттары мен музей коллекцияларына қол жеткізу тәртібі

2. Музейдің сақтау қоймасына қол жеткізу музей заттарының сақталуына жауапты музей қызметкерімен қамтамасыз етіледі (бұдан әрі – сақтаушы).

3. Сақтау қоймасына әрбір кіру сақтаушымен жүргізілетін сақтау қоймасына келу журналында белгіленеді. Сақтау қоймасына келу журналында сақтау қоймасына келушілердің мерзімі, уақыты және келу мақсаты, тегі және аты мен әкесінің атының

бірінші әріптері жөнінде жазба енгізіліп, сақтаушының және келушінің қолдары қ о й ы л а д ы .

Сақтау қоймасына келу журналы байланады, нөмірленеді және соңғы жазба енгізілгеннен кейін сақтаушының қолы қойылып, музейдің мөрімен басылады.

4. Музей қызметкерлері сақтау қоймасына тек өндірістік қажеттілікпен кіреді.

5. Музей заттарын музей аумағының шегінде сақтау қоймасынан уақытша пайдалануға тапсыру сақтаушы мен музей қызметкерлері арасында осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тапсыру актісімен ресімделеді.

Музей заттарын сақтау қоймасына қабылдау осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қайтару актісімен ресімделеді.

6. Жеке тұлғалар сақтау қоймасына музей сақтаушысымен берілген бір реттік рұқсат қағазымен кіре алады. Рұқсат қағазы келушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) сақтау қоймасында болған уақыты, келу мақсаты туралы мәліметті қ а м т ы й д ы .

Бір реттік рұқсат қағазы келуші сақтау қоймасына кіріп шыққаннан кейін қор сақтаушыда қалады.

Музейдің сақтау қоймасындағы музей заттары мен музей коллекцияларына қол жеткізу қағидаларына
1-қосымша
Нысан

(музейдің толық атауы)
№ ____ Тапсыру актісі
Осы акт « » _____ 20 ____ жылы _____
_____ құрамымен
(музейдің бас қор сақтаушысының, сақтаушысының аты, жөні, әкесінің аты, (болған жағдайда)
төмендегі музей заттары мен (немесе) музей коллекцияларын:
« » _____ 20 ____ жылға дейін тапсырғандығы, ал _____
(аты, жөні, әкесінің аты, (болған жағдайда), лауазымы)
уақытша пайдалануға _____ мақсатында
қабылдағаны туралы жасалды:

№ р /с	Музей затының атауы және қысқаша сипаттамасы, оның дайындалу техникасы, өлшемі	Музей заттарының саны	Музей затының шифры	Музей затының сақталуы	Ескерту
1	2	3	4	5	6

Мен, _____
көрсетілген музей заттары мен музей коллекцияларын қабылдаған тұлғаның

_____ аты, жөні, әкесінің аты, (болған жағдайда), лауазымы)
көрсетілген музей заттары мен (немесе) музей коллекцияларын қабылдаймын, және олардың сақталуын қамтамасыз етемін және осы актіде белгіленген мерзімде қайтарамын.

Музейдің сақтау қоймасындағы музей
заттары мен музей коллекцияларына
қол жеткізу қағидаларына

2-қосымша

Нысан

(музейдің толық атауы)

№ _____ Қайтару актісі

Осы акт « » _____ 20 ____ жылы _____

_____ құрамымен

(музейдің бас қор сақтаушысының, сақтаушысының аты, жөні, әкесінің аты, (болған жағдайда)

төмендегі музей заттары мен (немесе) музей коллекцияларын:

« » _____ 20 ____ жылға дейін тапсырғандығы, ал _____

(аты, жөні, әкесінің аты, (болған жағдайда), лауазымы)

« » _____ 20 ____ жылы қайтарғаны туралы жасалды:

№ р /с	Музей затының атауы және қысқаша сипаттамасы, оның дайындалу техникасы, өлшемі	Музей заттарының саны	Музей затының шифры	Музей затының сақталуы	Ескерту
1	2	3	4	5	6